

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»


«КЕЛІСІЛГЕН»

Арнайы пәндер циклдік комиссиясы
төрағасы

 Сисекенова А.Н.
« 19 » 10 2020ж.



«БЕКІТЕМІН»

Басшының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
 Бинеубаева Д.Ж.
« 19 » 10 2020ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

**Мамандық: 1107000 «Көтергіш көлік, құрылыс, жол машиналары мен
жабдықтарын темір жол көлігінде техникалық
пайдалану(салалар бойынша)»**

Біліктілік:- 1107043 "Техник – механик"

Оқу мерзімі: 11 сыныптан кейін : 2 жыл 10 ай;

9 сыныптан кейін: 3 жыл 10 ай

Арнайы пән оқытушысы: Берікбаев Х.П.

Ақтау, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

- 1. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**
- 2. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ**
- 3. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**
- 4. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ**

ҚОСЫМША 1 Студенттің тапсырма үлгісі

ҚОСЫМША 2 Сыртқы бетінің үлгісі

ҚОСЫМША 3 Титул парағын рәсімдеу үлгісі

ҚОСЫМША 4 Дипломдық жоба мазмұнын рәсімдеу үлгісі

ҚОСЫМША 5 Пікірдің үлгісі

ҚОСЫМША 6 Сын пікірдің үлгісі

ҚОСЫМША 7 Анықтама үлгісі

КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыс (жоба) - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен және мамандықтың оқу жоспарымен қарастырылған, оқытудың соңғы кезеңінде орындалатын жазбаша қорытынды жұмыс, оқу процесінің соңғы және ең қиын кезеңі және қорытынды мемлекеттік білім сапасын бақылаудың маңызды құралы болып табылады.

Әдістемелік нұсқау келесі құжаттарға сәйкес дайындалған:

- РҚ «Білім Заңы» № 319-ІІІ ЗРК 27 шілде 2007жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»;
- ҚР және ғылым министрлігі 18 наурыз 2008 жылы № 125 бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
- ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы»;
- «Анти-плагиат» жүйесі негізінде дипломдық жобаларды орындауды қамтамасыз ету туралы» колледждің Ережесі.

Дипломдық жобаны қорғау нәтижесінде қорытынды аттестаттау комиссиясы (ҚАК) бітірушіге 1107043 "Техник – механик" біліктілігін беру туралы шешім қабылдайды.

Нұсқаулықтың мақсаты - техникалық мамандықтар студенттеріне міндетті талаптарға, ережелер мен ұсыныстарға сәйкес диплом жобасын дайындауда көмек көрсету.

Әдістемелік нұсқаулықта дипломдық жобадағы ғылыми деңгейге, орындалу сапасына, практикалық ұсыныстарға қойылатын талаптар талқыланады. Нұсқаулықта колледждің бүкіл курсы барысында студенттердің өзіндік жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етуге, өз ойларын білдіруге дағдыландыру мен тәжірибені қалыптастыруға, зерттеудің негізгі тұстарын ашып көрсетуге, талдауға

және қорытынды жасауға және жалпы жұмыс үшін ұсыныстар жасауға арналған.

Дипломдық жобаларды дайындау және ресімдеу бойынша нұсқаулық күндізгі және сырттай бөлім студенттері мен дипломдық жобалардың ғылыми жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

1. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Дипломдық жұмысты (жобаны) орта деңгейлі мамандар, қолданбалы бакалаврды даярлайтын техникалық, технологиялық және ауылшаруашылық мамандықтары бойынша оқитын білім алушылар орындайды және техникалық құрылғыларды немесе технологияларды сипаттауды немесе есептеуді қамтиды.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) мазмұны - оқу орнының белгілі бір мамандық бойынша бітіруші курс студентінің қолжазба түріндегі өз бетінше дайындайтын (дайындалған) зерттеу жұмысы (жобалық шешім).

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы ғылымның, техниканың және мәдениеттің қазіргі жағдайы мен даму болашағына сәйкес өзекті болуы керек.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын анықтауда өндіріс, білім, ғылым және мәдениеттің нақты мәселелері мен проблемаларын ескеру ұсынылады.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы мамандыққа және маманның бейініне сәйкес келуі керек. Студент бекітілген дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын таңдайды.

Студентке бекітілген тақырыпта қамтылмаған тақырып бойынша жоба орындау құқығы беріледі. Бұл жағдайда студент ұсынған тақырыпты әзірлеудің нақты негіздемесін немесе жеке тақырыпты орындауға мекеменің тапсырыс хатын ұсынады.

Сырттай оқу бөлім студенттеріне дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын өндірістік қажеттілікке сәйкес таңдауға рұқсат етіледі.

Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу үшін студентке ғылыми жетекші тағайындалады. Еңбекті қорғау бөліміне жеке кеңесшілер тағайындалады. Кеңесшілер студенттің жұмысының тиісті бөлімдерін тексеріп, қол қояды.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі:

1) дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға тапсырма береді (Қосымша 1);

2) студентке дипломдық жұмысты (жобаны) аяқтаудың барлық кезеңіне жұмыс кестесін жасауға көмектеседі;

3) студентке қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік жобаларды және тақырып бойынша басқа дереккөздерді ұсынады;

4) дипломдық жұмыстың (жобаның) орындалу жұмыс кестесін студенттің сақтауын бақылауда консультация кестесін белгілейді;

5) Дипломдық жұмыстың (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және бітіруші мен кеңесшілердің жұмысын үйлестіреді.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы оқу жылының басында студентке тағайындалады.

2. Дипломдықжұмыстың(жобаның) көлемі50- 70бет болуыкерек.Қосымшалар дипломдық жұмыстың (жобаның) көрсетілген көлеміне енбейді.

3. Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементі:

- мұқаба;
- титул парағы;
- пікір;
- дипломдық жұмысқа (жобаға) тапсырма;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (тұжырым мен ұсыныстар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар;
- антиплагиатқа анықтама (тігілмейді);
- сын пікір (тігілмейді).

4. Мұқабаға мына мәліметтер жазылады:

- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған мекеме атауы;
- студенттің аты- жөні;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы;
- жұмыс түрі - дипломдық жұмыс (жоба);
- мамандық коды, атауы;

- қала, жыл.

5. Титулпарағыдипломдықжұмыстың(жобаның) бірінші бетіболып саналады және құжатты іздеу мен өңдеуге қажетті ақпарат көзі болып табылады.

Титул парағында келесі мәліметтер болады:

- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған мекеме атауы;
- шектеу жолағы (қажет болса);
- бекітілгенін растайтын басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарының қолы;
- жұмыс түрі- дипломдық жұмыс (жоба);
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының атауы (тақырыбы);
- мамандықтың коды мен атауы;
- сол жақта - «орындаған» деген сөзге қарама-қарсы оң жағында – студенттің тегі мен аты-жөні көрсетіледі;
- төмендегі жолда «жетекші» деп және тегі мен аты-жөні, ғылыми атағы жазылады;
- қала, жыл.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) сыртқы беті және титул парағы 2 және 3 Қосымшаларда келтірілген.

6. Дипломдық жұмыстың (жобаның) мазмұны кіріспеден, барлық бөлімдердің реттік нөмірлерінен және атауларынан, бөлімдерден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалар атауларынан тұрады. Мазмұны4Қосымшада келтірілген.

7. Кіріспеде дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, шешілетін ғылыми мәселенің қазіргі жағдайына баға беру, сонымен қатар зерттеудің мақсаты, міндеттері мен объектісі, теориялық және әдіснамалық негіздеме және жұмысты (жобаны) жазудың практикалық негізі болуы керек. Кіріспе 1 – 2 беттен тұрады.

Дипломдық жобаның мақсатын негіздей отырып, автор бір ұсыныс шегінде таңдап алынған тақырып бойынша оның барлық зерттеу жобасы қол жеткізуге бағытталған мақсатты ашып көрсетуі тиіс. Оның табысты жетістігі зерттеу сұрақтарының барлық шеңберін ескере отырып, жұмысты дайындау және орындау барысында автор алдында тұрған бірнеше нақты міндеттерді анықтауды көздейді. Осы міндеттердің мазмұны, тізбесі және орындалуы дипломдық жобаның тиісті

бөлімдерінің құрылымы мен атауына тікелей әсер ететінін ескеру қажет.

Зерттеу пәні оның тақырыбымен алдын ала анықталуы тиіс және зерттеу объектісінің даму перспективасын сипаттайтын шаруашылық-экономикалық, техникалық факторларды зерттеуге авторлық көзқарасты көрсетеді.

Зерттеу объектісі машиналар мен механизмдер болуы тиіс.

Тақырып бойынша зерттеудің әдіснамалық негіздері мен қолданылатын әдістерін ашуда да барынша қысқа баяндау талап етіледі. Мұнда жобаны аяқтау үшін қажетті қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдарды негіздеуде автордың өз есептемелерін жүргізген әдістердің аталғаны өте маңызды.

8. Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, мазмұнын, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі. Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі мәтіні шығармашылық ойды, қолданылатын зерттеу әдістерінің негіздемесін ашуы тиіс. Негізгі бөліктің көлемі 30-40 беттерді құрауы тиіс.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлігі, әдетте, бөлімдер мен бөлімшелерге (тараулар мен параграфтар) бөлінеді.

Мамандық бойынша дипломдық жұмыс (жоба) төмендегі бөлімдерден тұрады:

I. Технологиялық бөлім

Технологиялық бөлім — бастапқы мәліметтен талап етілген нәтижеге жету үшін реттелген, өзара байланысқан әрекеттер. Технологиялық процесс еңбек бұйымы күйінің өзгеруі мен анықталуына бағытталған әрекеттерді құрайтын өндірістік процестің бір бөлігін зерттеу. Кез келген технологиялық процесті күрделі процестің бір бөлігі және қарапайым (элементарлы) технологиялық процестердің жинағы деп қарастыруға болады. Элементарлы технологиялық процес немесе технологиялық операция деп технологиялық процестің барлық ерекшеліктеріне ие ең кіші бөлігін айтады.

II. Конструкторлық бөлім

Конструкторлық бөлім (Конструкторский документ) — графикалық және мәтіндік құжаттар, ол бұйымды жасауға, дайындауға, қадағалауға, қабылдауға, пайдалануға және жөндеуге қажетті мәліметтерден тұрады. Конструкторлық құжатқа сызбалар, жинақтау бұйымдарының тізімі, сұлбалар, есептеулер, түсіндірме жазбалар, техникалық шарттар және т.б. жатады. Конструкторлық құжаттың түрлері

және жинақтаулары стандартен қадағаланған, ал орындау (рәсімдеу) — ережелері Конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесіне келтірілген. Бұйымдарды жасап дайындауға, бақылау және пайдалануға қажетті ақпараттары бар мәтінді және графикалық құжаттар.

Графикалық конструкторлық құжат (Графический конструкторский документ) — конструкторлық құжаттардың бір бөлігі, ол сызбалардан, сұлбалардан, аксонометриялардан және т.б. тұрады.

Жобалау конструкторлық құжат (Проектный конструкторский документ) — конструкторлық құжаттардың жиынтығы, ол негізгі өндіріс бұйымдарын жасап шығару және олардың құрылымы жайында қажетті мәліметтер береді, сондай-ақ келесі кезеңдегі жұмыстық, конструкторлық құжат жасау үшін қолданылады.

III. Ұйымдастыру бөлімі

Дипломдық жобаны ұйымдастыру және бақылау, оқу процесін және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі әдістемелік басқарманың құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Бөлім жұмысының негізгі бағыты дипломдық жобаның ғылыми-білім беру қызметін дамыту бағдарламасына, халықаралық стандарттар мен сыртқы тұтынушылар — мемлекет, қоғам, жұмыс берушілер талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын енгізу, іске асыру, жетілдіру болып табылады.

9. Қорытынды дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындыларды, қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалауды, зерттелген объекті бойынша нақты ұсыныстарды қамтуы тиіс. Қорытынды 2-3 бетті құрайды.

Қорытынды болуы тиіс:

- дипломдық жоба нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- атқарылған жұмыстар туралы;
- қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау;
- зерттеу объектісі бойынша нақты ұсыныстар мен ұсыныстар;
- қарастырылатын проблематиканы жетілдіру және зерттеу объектісі қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар.

Қорытынды-орындалатын жұмыстың тақырыбымен белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған тұжырымдалған және негізделген ұсыныстардың қысқаша

мазмұны.

10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес ресімделеді.

11. Қосымшалар дипломдық жұмыстың (жобаның) жалғасы ретіндерәсімделеді. Қосымшаға қандай да бір себептермен негізгі бөлімге енгізілуі мүмкін емес дипломдық жұмысты орындауға байланысты материалдарды қосу ұсынылады.

Қосымшада дипломдық зерттеуге қатысты негізгі бөлімде ашып көрсетілмеген зерттеулер, кестелер, суреттер, нұсқаулар, техникалық түсініктемелер, программалық өнім, есептеулер және т.б. Дипломдық жобада қосымшаға сілтеме беріледі. Қосымшалар беттері дипломдық жұмыстың жалпы беттердің ретімен нөмірленуі тиіс.

12. Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) мәліметтердің нақтылығы мен дәлдігі, қабылданған шешім үшін дипломдық жұмыс (жоба) авторы ретінде студент жауапты.

2 . ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

13. Дипломдық жұмысты (жобаны) А4 форматына қатар аралығын 1,5 интервал тастап, шрифт – Times New Roman, кегль – 14 пен компьютерде жазып принтерден парақтың бір жағына шығару. Бүкіл жұмыс бір қалыпты бірдей түспен анық және түсі қанық шығарылуы тиіс. Дипломдық жұмысты (жобаны) пружинмен түптеу қажет.Парақ параметрі: поля – сол - 20 мм, оң – 10 мм, жоғары – 10 мм, төмен– 10 мм. Азат жол – 1см (ширек белгіден).

14. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау тәсіліне қарамастан басылған мәтіннің сапасы және иллюстрацияларды, кестелерді, ПЭВМ-мен басып шығаруды ресімдеу олардың нақты талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

15. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау барысында жіберілген қателерді, графикалық дәлсіздіктерді өшіруге, оны ақ бояумен түзетуге және сол түзетілген жерге машиналық немесе жазбаша әдіспен (қара сиямен, гель ручкасымен немесе қара тушыпен) жөндеуге рұқсат беріледі.

16. Дипломдық жұмыста (жобада) мекеменің, ұйымның, фирманың аты-жөні, атауы, бұйымның атауы және басқа да жеке аттары түпнұсқа тілінде келтіріледі.

17. Дипломдық жобаның құрылымдық элементтері «Мазмұны», «Нормалық Сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен Анықтамалар», «Кіріспе»,

«Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» жұмыстың элементтік құрылыматаулары қызметін атқарады.

18. Дипломдық жұмысты (жобаны) бөлімге және бөлімшелерге бөлу қажет. Әрбір бөлім және бөлімше аяқталған ақпараттан тұруы қажет. Бөлімдердің атаулары диплом жобаның тақырыбын ашып көрсетуі, ал бөлімшелердің атаулары өзі сәйкес бөлімінің тақырыбын ашып көрсетуі тиіс.

19. Бөлімдер мен бөлімшелердің аттары мазмұнына сай, ашып тұру керек.

20. Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптарын абзацтан 1 см. кейін бас әріппен, аяғында нүкте қоймай, астын сызбай басу қажет. Егер де атаулар екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.

21. Дипломдық жұмыстың (жобаның) беттерін араб сандарымен нөмірлеу қажет. Беттің номері қағаздың төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады.

22. Титул беті дипломдық жұмыстың (жобаның) жалпы беттердің номерленуіне қосылады, бірақ номер қойылмайды.

23. Дипломдық жұмыстың (жобаның) бөлімдерінің барлық құжаттың өн бойында абзацтан кейін араб сандарымен белгіленіп нүктесіз қойылған реттік нөмірлері болуы қажет. Бөлімшелер бөлімдер аясында нөмірленуі қажет. Бөлімше нөмірі, нүктемен бөлінген бөлім мен бөлімше нөмірлерінен тұрады. Бөлімше нөмірінен кейін нүкте қойылмайды.

Мысалы:

1. Технологиялық бөлім

1.1. Машина

1.2. Кузов

24. Дипломдық жұмыстың (жобаның) әр бөлімі жаңа парақтан (беттен) басталуы қажет. Бір бөлімнің ішіндегі бөлімшелер бір-бірінен мәтіннен екі жол төмен түсіріліп бөлінеді.

25. Дипломдық жұмыстың (жобаның) беттері және қосымшасы, диплом жұмыстың (жобаның) құрамына кіретін барлық беттерінде нөмірлері болуы қажет.

26. Дипломдық жұмыста (жобада) иллюстрациялар (сызбалар, карталар, кестелер, схемалар, диаграммалар, түсірілген суреттер) бірінші немесе келесі

беттерде екендігі ескертілген мәтіннен кейін орналасуы керек. Иллюстрациялар компьютермен де түрлі-түсті жолмен де орындалуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер болуы қажет. Дипломдық жұмыста (жобада) орналасқан сызбалар, кестелер, диаграммалар, сызбалар, иллюстрациялар конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесі (БЖКҚ) мемлекеттік стандарттың талаптарына сай болуы тиіс. Қосымшадағы иллюстрациялардан басқа иллюстрацияларда араб сандарымен басынан аяғына дейін номерленуі тиіс. Егер сурет біреу болса, онда ол «Сурет 1», «Сурет» сөзі және оның аталуы жолдың ортасынан жазылуы тиіс.

Иллюстрацияларды бөлімдер шеңберінде (ішінде) нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда иллюстрациялар нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады.

Мысалы: Сурет 1.1.

Иллюстрациялардың қажет болған жағдайда, атаулары мен қоса түсіндіретін мәліметтері болуы мүмкін сурет астындағы мәтін. Бұл жағдайда былай жазылады:

Сурет 1. Автокөлікті жылтырату.

Иллюстрацияға сілтеме жасау барысында нөмірлеуде «2 суретке сәйкес» деп жазу қажет, басынан аяғына дейін ал бөлім бойынша нөмірлеуде «1.2 суретіне сәйкес» болуы тиіс:

Мысалы:



Сурет 1. Автокөлікті жылтырату

27. Көрсеткіштерді салыстырудың жақсы көрнекілігі мен ыңғайлылығы үшін кесте қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнына дәл, қысқа болуы тиіс. Кестенің атауын «Кесте 1» деген сөздерден кейін абзац шегінісі бар кестеніңүстінен келесі жолға қою керек. Кестені алғаш рет айтылған мәтіннен кейін тікелей орналастыру керек.

Мысалы:

Кесте 3.1

Көлікке кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейінгі кеткен шығындар

Калькуляция тарауларының аталуы	Көлемі/тг
Май	10 л
Дөңгелек	4 дана
Жанар май (Бензин)	800 л

Б

арлық кестелерге диплом жұмыста (жобада) сілтемелер болуы тиіс. Сілтемеде оның нөмірін көрсете отырып, «Кесте» жазу керек. Көп жолдары бар кестені басқа параққа (бетке) тасымалдауға болады. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) ауыстырған кезде «Кесте» сөзі және оның номері кестенің бірінші бөлігінің сол жағында бір рет көрсетіледі, басқа бөліктердің үстінде «жалғасы» сөзін жазады және кестенің номерін көрсетеді: *мысалы*: «Кесте 1 жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) ауыстырған кезде тақырып тек оның бірінші бөлігінің үстінде ғана орналастырылады. Кестенің бөлігін ауыстырған кезде кестені шектейтін төменгі көлденең сызық жүргізілмейді.

Көп бағанды кестені қосымшаға шығару орынды. Егер кестенің әр жолында (бағандарында) қайталанатын мәтін бір сөзден тұратын болса, онда оны бірінші жазғаннан кейін тырнақшалармен ауыстыруға болады; егер екі және одан да көп сөзден тұратын болса, онда бірінші қайталанған кезде оны "сол сияқты" деген сөздермен, бұдан әрі - тырнақшалармен алмастырады. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық белгілердің орнына тырнақшаларды қоюға жол берілмейді. Егер сандық немесе басқа деректер кестенің қандай да бір жолында келтірілмесе, онда оған сызықша қойылады. Қосымшалардың кестелерін қоспағанда, кестелерді араб цифрларымен тура нөмірлеу арқылы нөмірлеу қажет. Кесте бағандары мен жолдарының тақырыптарын бас әріппен жалғыз түрде жазу керек, ал бағандардың астын - кіші әріппен, егер олар тақырып бар бір сөйлемді құраса, немесе егер олар дербес мәнге ие болса, бас әріппен жазу керек. Кесте тақырыптары мен бастарының соңында нүктелер қойылмайды.

Сол, оң және төменгі кестелер, әдетте, сызықтармен шектеледі. Кестедегі қаріптің өлшемін мәтіннен кем қолдануға рұқсат етіледі. Бағандардың тақырыптары, әдетте, кестенің жолдарына параллель жазылады. Қажет болған

жағдайда бағандар тақырыптарының перпендикуляр орналасуына жол беріледі. Кестенің басы кестенің қалған бөлігінен сызықпен бөлінуі тиіс.

28. «Ескерту» сөзі абзацтан бас әріппен жазылуы және сызылмауы тиіс. Егер мәтін мазмұнына, кесте немесе графикалық материалдарға түсінік не анықтамалық мәліметтер қажет болса, дипломдық жұмысқа ескерту енгізіледі.

Ескертуді ескерту қатысты мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеге орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер арап сандарымен рет-ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескерту кестенің аяқталуын білдіретін соңғы сызықтың үстінен жазылады.

29. Формулалар және теңдеулер мәтіннен басқа жеке жолға бөліп көрсетіледі. Әрбір формулалар және теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бос, бір жолдан кем емес орын қалдыру қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу теңдік таңбаларынан кейін (=) немесе қосу белгісінен кейін (+), алу (-), көбейту (X), бөлу (:), немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталанады.

Символдар мен сандық коэффициенттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріліп, формулада берілген бірізділікпен жүргізілу керек.

Диплом жұмыста (жобада) формулаларды реттік нөмірлермен нөмірлеу барлық жұмыс шегінде дөңес жақшаға алынып, араб сандарымен оң жақ шетте бір жолда қарастырылады.

Мәтіндегі формулалардың реттік нөміріне сілтеме жақшаға алынып жасалады.

Мысалы – (1) формулада.

Бөлімше шегінде (ішіндегі) формулаларды нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда формула нөмірлері нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірлері мен формулалардың реттік нөмірінен тұрады, *мысалы*:

$$\mathcal{E}_{1-n} = \text{ЧП}_{1-n} / \text{BA}_{1-n} \quad (1.8)$$

$$\mathcal{E}_{\text{cp}} = \sum \mathcal{E}_{1-n} / n \quad (1.9)$$

$$\mathcal{E}_k = [\sum (\text{ЧП}_1 + \text{ЧП}_2 + \dots + \text{ЧП}_n)] / [\sum (\text{BA}_1 + \text{BA}_2 + \dots + \text{BA}_n)] \quad (1.10)$$

мұндағы: $\mathcal{E}_{1-n}$ – экономикалық тиімділігі 1-ден n-ші мекеме;

ЧП_{1-n} – 1-ден n-ші мекеменің тазапайдасы;

ВА_{1-n} -мекеменің 1-ден n-ге дейінгі өнім активтері;

Э_{ср}-орташа экономикалық маңыздылығы 1-ден n- мекемеге дейін;
n-мекемесаны;

Э_к–кластер маңыздылығы;

ЧП₁, ЧП₂, ..., ЧП_n – n мекеменің таза пайдасы;

ВА₁, ВА₂, ..., ВА_n n мекеменің өнім активі.

30. Пайдаланған дерек көздеріне сілтемелер квадратты (шаршылы) жақшаға алынады. *Мысалы: [5].*

31. Дерек көздері туралы мәлімет диплом жұмысының (жобаның) мәтініндегі дерек көздерінің сілтемелерінің жасалу реті бойынша орналасу керек және абзацтан кейін арап сандарымен нүктесіз нөмірленеді. Қосымшалар осы диплом жобаның жалғасы ретінде келесі парақтарына рәсімделеді. Диплом жобасының мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретіне қарай орналасады. Әрбір қосымша жаңабеттен басталып «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының оң жағында көрсетілуі тиіс. Қосымшаның аты болуы қажет, ол жеке жолға, мәтінге симметриялы түрде бас әріппен жазылады. Егер дипломдық жұмыс (жоба) бір қосымшадан тұрса, онда белгілемей жіберіледі. Қосымшалардың диплом жобасының қалған бөлімдерімен басынан басталатын ортақ нөмірлері болуы тиіс.

3. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

32. Дипломдық жұмыс (жоба) алдын ала қорғаудан өту үшін оқу бөліміне тапсырылады.

33. Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау пәндік циклдік комиссия (ПЦК) отырысында студенттердің және ғылыми жетекшілердің міндетті түрде қатысуларымен өткізіледі.

Алдын ала қорғау арнайы ПЦК отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

34. Алдын ала қорғаудан ойдағыдай өткен, қойылған талаптарға сәйкес рәсімделген, аяқталған дипломдық жұмысқа (жобаға) студент пен кеңесшілер қолы қойылып, ғылыми жетекшіге ұсынылады.

35. Ғылыми жетекші диплом жұмысына жазбаша пікір жазады. Диплом жұмысы (жоба) қабылданған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қойып және қорғауға жіберілгендігі туралы жазбаша-пікірмен бірге оқу бөлім меңгерушісіне ұсынады. Диплом жұмысы қабылданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ жазбаша сын-пікір жазады, диплом жұмысының қорғауға жіберілмегендігі жөніндегі өзінің жазбаша пікірін жазады. Пікірдің үлгісі 5-Қосымшада.

36. Осы материалдардың негізінде оқу ісі жөніндегі директор орынбасары диплом жұмысына нақты соңғы тұжырымын шығарады да, оны титул бетіне жазады. Егер оқу ісі жөніндегі директор орынбасары студенттің диплом жұмысын қорғауға жіберуге болмайды деп шешсе, бұл сұрақ студент пен ғылыми жетекшінің қатысуымен ПЦК отырысында қаралады. Отырыс хаттамасы оқу орнының басшысына ұсынылады.

37. Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғаудан кейін сын пікір алуға жіберіледі. Сын пікір жазушылардың базалық жоғары білімі болуы тиіс және/немесе қорғалатын диплом жұмысының бейініне сәйкес ғылыми атағы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болуы тиіс. Пікір жазушы диплом жұмысына (жобасына) жазбаша пікірін ұсынуы қажет, онда тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы, тақырыптың маманның кәсіби даярлығына, берілген ғылыми академиялық дәрежесі мен берілген біліктілігіне сәйкестігі, жүргізілген зерттеудің дербестігі, қорытынды мен ұсыныстарының барлығы, мәселелердің шешілу және зерттеудің аяқталуы дәрежесі көрсетіледі. Сын пікірде бағасы және академиялық дәрежесі мен біліктілік берілу мүмкіндігі көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі. Сын пікір үлгісі 6-Қосымшада көрсетілген.

38. Ғылыми жетекшінің қорғауға жіберген, бірақ пікір жазушының «қанағаттанарлықсыз» деп бағалаған, диплом жұмысы жалпы жағдаймен қорғалады.

39. Диплом жұмысын (жобаны) қорғау студенттің қалауы бойынша қазақша және орыс тілдерінде жүргізіледі.

40. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктер негізінде Мультимедиялық презентациялар түрінде электрондық ресурстарды пайдалану

арқылы жүзеге асырылады.

41. «Антиплагиат» жүйесінде сараптамадан өткізу ережесі:

Плагиат – жазба жұмысын орындауда қағаз немесе электрондық тасымалдағышта жарияланған басқа автордың туындысын иемдену, шығарма үзінділерін өз еңбегінде авторын көрсетпей пайдалану және қандай да бір бөлімдерін орындаудың дербестігіне күмән келтіру. Плагиат екі түрде жүзеге асырылады:

- негізгі мәтінді сөзбе-сөз баяндау;

- парафраза - алынған мәтіннің мазмұнын өзгертпей сөздер мен сөйлемдерді ауыстыра отырып, бөтен мәтінді баяндау.

"Антиплагиатқа" сараптамадан өту үшін студент дипломдық зерттеуді өзбетімен оқып, оны ғылыми жетекшіге талдап, кейін ескертулерді жою үшін

тапсырады. Ғылыми жетекші дипломдық жұмыстың (жобаның) жазылуына басшылық жасайды, ғылыми қолдау көрсетеді және студентпен бірге дипломдық жұмыстың мазмұнына жауап береді, онда МЖБС-ң техникалық ресімдеу, жұмысты сауатты ресімдеу, пайдаланылған авторлар көздеріне сілтеме жасау, пайдаланылған әдебиеттер тізіміне сәйкес жұмыс мәтінінде оларды көрсету бойынша барлық талаптары орындалуы тиіс.

Студент дипломдық жұмысты (жобаны) қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 20 күннен кешіктірмей директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасарына бақылау нормасын сараптауға ұсынады. Ескертулер анықталған жағдайда студент ғылыми жетекшінің келісімі бойынша жоюға және жұмыстың (жобаның) түзетілген нұсқасын бақылау нормаларын тексеруге тапсыруға міндетті.

Нормабақылау сарапшысынан оң қорытынды алғаннан кейін, студент диплом жұмысын (жобасын) колледждің оқу бөліміне тапсыруға міндетті.

Плагиат кемінде 65% түпнұсқа мәтіннен тұратын дипломдық жұмыс (жоба) өтеді, пайыздың аз көрсеткішін алған жағдайда студент анықтаманы алған сәттен бастап 3 күндік мерзімде қателерді түзетуге және тексеруге қайта тапсыруға міндетті. Анықтама нысаны 7- Қосымшада келтірілген.

4. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ

42. Диплом жұмысын (жобаны) қорғау Білім алушылардың ағымдағы, аралық және қорытынды аттестациялық үлгерімін бақылау Ережесімен анықталады.

43. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 қатысуымен ашық отырыста жүзеге асырылады.

44. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау әр білім алушыға 30 минуттан аспауы тиіс. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін білім алушы ұзақтығы 15 минуттан аспайтын баяндама жасайды.

45. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауда «қанағаттанарлықсыз» бағаланған білім алушыға қорытынды аттестаттау комиссиясы қайта тапсыруға шешім шығарады және тапсыру мерзімін анықтайды.

46. Қорытынды аттестаттау комиссиясы білім алушыға сол жұмысты толықтырып, қайта қорғауға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуді белгілейді.

47. "Қанағаттанарлықсыз" баға алған білім алушыға дипломдық жобаны (жұмысты) қайта қорғау немесе қорытынды емтихандарды тапсыру кезінде мамандық (кәсіп) бойынша оқудың толық курсын бітіргені туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

48. Тиісті құжаттармен расталған дәлелді себептермен дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға келмеген білім алушылар білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен белгіленген мерзімде қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберілуі мүмкін.

49. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

«КЕЛІСІЛГЕН»

Арнайы пәндер циклдік
комиссиясы төрағасы
_____ Сисикенова А.Н.
«__» _____ 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Басшының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
_____ Бинеубаева Д.Ж.
«__» _____ 2020 ж.

ТАПСЫРМА

Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін

Студент _____
(Ф. А. Ә.)

(курс, топ, мамандығы, оқу түрі)

1. Дипломдық жұмыс (жоба)
тақырыбы _____

директордың «__» __ 20__ ж. № _____ бұйрығымен бекітілген

2. Студенттің біткен жұмысты тапсыру мерзімі «__» __ 20__ ж.

3. Жұмысқа берілген мәндер (заңдар, әдебиет көздері, зертханалық-өндірістік мәндер)

4. Дипломдық жұмысқа (жобаға) қатысты сұрақтар тізімі

5. Дипломдық жұмысқа (жобаға) қатысты графикалық материалдар тізімі (сызбалар, кестелер, диаграммалар және т.б.) _____

6. Негізгі ұсынылатын әдебиеттер тізімі _____

7. Жұмыс бойынша кеңестер (жұмыс тарауы мен бөлімдеріне қатысты)

Номер, атауыбөлім, тараулар	Ғылыми жетекші, кеңесші	Тапсырманы алған уақыты	Тапсырманы бердім (қолы)	Тапсырманы алдым (қолы)

8. Дипломдық жобаны (жұмысты) орындау кестесі

№	Жұмыс этаптары	Жұмыс этаптарын орындау уақыты	Ескертулер
1	Дипломдық жұмысты (жобаны) бекіту		
2	Дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға материалдар жинау		
3	Дипломдық жұмыстың (жобаның) теориялық бөлімін дайындау (1) тарау		Практикаға кетпестен бұрын
4	Дипломдық жұмыстың (жобаның) аналитикалық бөлімін дайындау (2-3) тарау		Практика барысында
5	Дипломдық жұмыстың (жобаның) бүкіл мәтінінің нұсқасын дайындау		Практика биткен соң, 1 аптада
6	Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауға тапсыру		Жалпы лекция кезінде (кеңестер)
7	Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензияға апару		
8	Дипломдық жұмыстың (жобаның) дайын нұсқасын пікір және сын пікірмен бірге тапсыру		
9	Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау		ҚАК кестесіне сәйкес

Тапсырманы берген уақыты «_____» _____ 2020 ж.

Ғылыми жетекші _____
қолы Ф.А.Ә., ғылыми атағы, қызметі

Тапсырма алдым: студент _____
қолы Ф.А.Ә

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

/ студент Ф.А.Ж /

/дипломдық /жоба/ тақырыбы

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА (ЖҰМЫС)

Тақырыбы: _____

Мамандығы: _____

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

Қорғауға жіберілді
Бинеубаева Д.Ж.
басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары

«___» _____ 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА(ЖҰМЫС)

Тақырыбы: «_____»

Мамандығы: _____

Орындаған: _____

Ғылыми жетекші _____

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6
1 Технологиялық бөлім	
1.1 *****	10
1.2 *****	19
1.3 *****	20
2 Конструкторлық бөлім	
2.1 *****	30
2.2 *****	40
2.2.1 *****	45
2.2.2 *****	50
3 Ұйымдастыру бөлімі	
3.1 *****	55
Қорытынды.....	65
Пайдаланылған әдібиеттер тізімі.....	68
Қосымшалар.....	70

ЖШС «КАСПИЙ Өңірі «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

ПІКІР

Дипломдық жобаға (жұмысқа) пікір

Тақырыбы «_____» дипломдық жобасына(жұмысына)

Мамандығы _____

Тақырыптың маңыздылығы _____

Логикалық қойылуы _____

Дипломдық жобаны (жұмысты) орындау барысындағы өз бетінше жасаған еңбегі

Тұжырым мен ұсынысының нақтылығы мен маңыздылығы _____

Дипломдық жобаның (жұмыстың) оң және теріс жақтары _____

Дипломдық жоба (жұмыс), дипломдық жобаға (жұмысқа) қойылатын талаптарға сай мемлекеттік аттестациялау комиссиясы отырысына қорғауға жіберіледі (жіберілмейді)

Ғылыми жетекші қолы _____
Ф.А.Ә

Ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі _____

Қызметі _____

Жұмыс орны _____

«_____» _____ 2020 ж.

СЫН ПІКІР

Тақырыбы « _____ »
_____» дипломдық жобасына (жұмысына)
Мамандығы _____
бітіруші топ студенті _____

Ары қарай сын пікір төмендегі схема бойынша жазылады:

1. зерттеуге алынған тақырыптың өзектілігі, маңызы, жаңашылдығы, ерекшелігін бағалау;
2. әдістемелік базасы, дипломдық жұмыс (жоба) жоспары мазмұнына, мақсатына сәйкестігі;
3. проблеманы шешу дәрежесін бағалау және зерттеудің аяқталуы;
4. ұсыныс пен тұжырымның болуы және оның өз бетінше жасалуы;
5. қарама-қайшылық жағдайлар, сыни кемшіліктер мен ескертулер;
6. дипломдық жұмыстың (жобаның) жалпы деңгейіне мінездеме;
7. дипломдық жұмыстың (жобаның) маманды дайындау және берілетін біліктілігіне сәйкестігі

Сын пікір қорытындысында дипломдық жұмысқа (жобаға) 5 баллдық жүйеде баға және авторына мамандық бойынша академиялық дәреже беріледі.

Мысалы Ахметова А.А дипломдық жобасы (жұмысы) «өте жақсы» бағасына, ал автор «инженер-технолог» академиялық дәрежесіне лайық.

Рецензент _____
(рецензенттің қызметі мен жұмыс орны) (Ф.А.Ә.)
« _____ » _____ 2020 ж.
М.О.
Қолы _____ Растаймын КБ бастығы _____
(ф.а.ә.КБ бастығы)

« _____ » _____ 2020 ж.

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК»КОЛЛЕДЖІ»

«АНТИПЛАГИАТ» ЖҮЙЕСІНДЕ ТЕКСТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ТЕҚСЕРУ
БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН СӘЙКЕСТІКТЕР НӘТИЖЕСІ ЖАЙЫНДА

АНЫҚТАМА

Колледж ережесіне сәйкес дипломдық жоба (жұмыс) «Антиплагиат»
жүйесінде бақылау жүргізілді _____

жоба (жұмыс) тақырыбы)

Жасалған талдауға сәйкес мәтіндік оригинальдығы бағасы ____ (пайыз)
кұрайды.

Тексеруді жасаған

ФАӨ

ҚОЛЫ

«_____» _____ 2020ж.